

**А. Н. Қалыбаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: Н. Т. Саханова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараған-  
ды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы**

## **МҮЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУДА КҮӘГЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мүлікке тыйым салу институты ҚР ұлттық құқығында аз зерттелінген жұмыстардың қатарына жатады. 01.01.1998ж. ҚР жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданғаннан кейін

мүлікке тыйым салу институтын тәжірибеде тиімді пайдалануға, жаңа ғылыми тұрғыда жетілдіруге уақыт келген сияқты. Сондықтан да ҚР ҚДЖК-де қылмыстың салдарынан келтірілген шығынның орнын толтыруда мүлікке тыйым салу мәселесін дамыту, оны қылмыстық сот өндірісінде тиімді қолдану қазіргі нарықтық заманымызда өзекті мәселеге айналып отыр. Ғылыми теорияда және тәжірибеде мүлікке тыйым салуға қатысты шешілмей келе жатқан мәселелерді атағым келіп отыр:

- мүлікке тыйым салуды іс жүргізу шараларына және тергеу әрекетіне жататындығының анықталмауы, әлі ғалым процессуалистердің араларында дау туғызуда<sup>1</sup>;
- қылмыстық жолмен табылған мүліктерге тыйым салынатыны немесе басқа тергеулік әрекет жүргізілетіні айқындалмауы;
- тыйым салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз етудің шараларының жетілмеуі;
- шет елдердегі мүліктерді іздеу, оларға тыйым салудың процессуалдық тәртіптері;
- жасырылған мүліктерді іздестіруде тергеушілердің жедел іздестіру қызметкерлермен құқықтық қарымқатынастарның жетілмеуі.

Біз ғылыми мақаламызда шешуін таппаған келелі мәселенің бірі мүлікке тыйым салуда куәгерлердің қатысуын талқыласақ. Қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңында (ҚДЖК 161-б.) мүлікке тыйым салу куәгерлердің қатысуынсыз жүргізіледі деп баяндалған. Куәгер дегеніміз қылмыстық ізге түсу органдары іс жүргізу заңында көзделген жағдайда тергеу іс әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін кұәландыратын адамды айтамыз (ҚР ҚДЖК 86-бап). Куәгерлердің институты төрт ғасырдан бері қолданылып келеді<sup>3</sup>, яғни тәжірибелік тарихқа бай, ең тиімді институт деп айтуға болады. Ресейдің заңына және Қазақ ҚСР қылмыстық іс жүргізу кодексіне<sup>4</sup> көз жүгіртсек куәгерлердің қатысуы қарастырылып кеткен. Біздің ойымызша қазіргі қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасын жасаушылар 161-баптағы мүлікке тыйым салуға куәгерлердің қатыстырмағанын тым асығыстық жасаған. Себебі, мүлікке тыйым салу жүргізгенде тәжірибеде көптеген қателіктер жіберіледі: тыйым салу жүргізуде мүліктің иесіне құлақ аспау (айыпталушының көрсеткен мүліктеріне тыйым салмау), азаматтық талапты қамтамасыздандырудың шегінен асып тыйым салу, сақтауға берілген мүліктердің жетіспеушілігі, тізімдемені, хаттаманы дұрыс толтырмау, белгілі бір құндылығы және ақшалай баламасы бар заттарды дұрыс кұәландырмау барысында сот тегеуінде түсініспеушіліктер тууы мүмкін, міне осы жағдайларда куәгерлердің қатысуы мүлікке тыйым салуда орынды деп білеміз. Мүлікке тыйым салуда куәгерлердің қатысуы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңына ешқандай қайшы келмейді деп ойлаймыз, керсінше тиімділігін арттырады. Сондықтан да ҚР ҚДЖК 161-бабының, 9-бөлімін былай жалғастырса: «...Мүлікке тыйым салу куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі». Бірақ, ескеретін бір жайт, жылжымайтын мүлік нысандары, құнды қағаздар, жеке және заңды тұлғалардың банкілік есептеріне де тыйым салынуы мүмкін.

Осы орайда мүлікке тыйым салу механизімін екіге бөуге болады: біріншісі, тергеуші, анықтаушы тікелей өздерінің қатысуымен (араласуымен) айыпталушының (сезіктінің) мүліктеріне тыйым салады, екіншісі, банктік есеп-шоттарға тыйым салғанда анықтаушы, тергеуші қаулы шығарып оның орындалуын мекемеге жүктейді. Екінші жағдайларда куәгерлердің қатысуының қажеті жоқ.